

## Елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптарын бекіту туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 485 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 желтоқсанда № 5167 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі.**

**Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13 - бабы 1-1 - тармағының 6-8) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптарын бекітілсін.
2. "Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ж.М.Бексарыға жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2016 жылғы 22 қарашадағы  
№ 485 қаулысымен бекітілген

## Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы елді мекендердің көшелерін күтіп ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптары (бұдан әрі – сыныптама) Ақтөбе облысы елді мекендерінің көшелерін күтіп-ұстаяу, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерін белгілейді.

2. Сыныптама жол-жөндеу жұмыстарының көлемдерін негіздеу және оларды орындау үшін республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін қаржы қаражаттарын есептеу үшін қолданылады.

3. Осы сыныптамада мынадай анықтамалар қолданылады:

1) көше (көшениң көлік жүретін бөлігі) – елді мекендер шекарасының шегіндегі автомобиль жолы;

2) елді мекендердің көшелеріне тиісті әкімшілік-аумақтың бірлік шегіндегі автомобиль жолдары жатады.

3) елді мекендердің көшелерін ағымдағы жөндеу - маршруттың тәсілімен орындалатын, бұзылған участкерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, бүкіл жыл бойы жүргізілетін, автомобиль жолдарында авариялық жағдайлар, ақаулар туындауының алдын алу, сондай-ақ автомобиль жолын шұғыл қалпына келтіру және жөндеу тәртібімен орындалатын жұмыстар кешені;

4) елді мекендердің көшелерін орташа жөндеу – көшелер мен жол құрылыштарының бастапқы пайдалану сапаларын қалпына келтіруге байланысты жұмыстар кешені;

5) елді мекендердің көшелерін күрделі жөндеу – қолданыстағы техникалық санатын өзгертпей, көшениң көліктік-пайдалану сипаттамаларын қалпына келтіру және (немесе) жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені;

6) елді мекендердің көшелерін күтіп ұстай – елді мекендер шекаралары шегінде автомобиль жолын тиісті техникалық жай-күйде ұстай, оның техникалық жай-күйін бағалау, сондай-ақ жолда журу қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешені;

7) елді мекендердің көшелерін пайдалануды басқару - бұл жол-жөндеу жұмыстарының экономикалық негізделген стратегиясын өзірлей отырыпolarға диагностикалау мен мониторинг жүргізуңдің негізінде көшелердің қажетті техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану жай-күйін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырылған және регламенттейтін жұмыстар кешені;

8) елді мекендер көшелерінің жай-күйіне мониторинг жүргізу – бұл пайдалану және қоршаған ортаның ықпал етуі нәтижесінде мүмкін болатын антропогендік өзгерістердің жай-күйін қадағалау мен бақылау, бағалау мен болжамдау жүйесі;

9) елді мекендердің көшелерін маршруттың жөндеу тәсілі - бұл көлік қозғалысы үшін қауіпті ақаулықтарды жою және жергілікті участкердердегі жол жабынының тегістігін қалпына келтіру жұмыстарын қоса алғанда, маршрут бойынша орындалатын жөндеу жұмыстарының кешені;

10) жол жамылғысы - бұл автокөлік құралдарынан түсетін салмақты қабылдайтын және оны топыраққа беретін автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінің шегіндегі көп қабатты құрылғы;

11) себу бермасы – үйінді құламасы немесе жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын жайғастыруға арналған ойықша үстінде орналастырылатын

алаңқай;

12) жол қызметінің объектілері – жол-пайдалану кешендері, пайдалану қызметінің жұмыскерлеріне арналған тұрғын үйлер, автобус аялдамалары, павильондар, демалыс алаңдары, автомобилдердің аз уақытқа аялдауына арналған аландар, автомобилдерді техникалық қарауға арналған құрылғылар, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құрылыштар мен құрылғылар, орман белдеулөрі, көпірлерге қызмет көрсету және оларды күзету пункттері, технологиялық және авариялық-шақыру байланысының құрылғылары, жүріп өту үшін ақы алудың бағдарламалық-аппараттық кешені.

4. Елді мекендердің көшелерін пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізуге нақты бөлінген ақшалай ресурстар елді мекендер көшелерінің көліктік-пайдалану жай-күйін тексеру және диагностикалау материалдары негізінде белгіленген жүргізілетін жөндеу жұмыстарының түрлеріне және жол-жөндеу жұмыстарының әзірленген стратегиясына қарай бөлінеді.

5. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулер кезінде орындалатын жұмыстардың сыныпталатын түрлері жол саласында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес орындалады.

6. Елді мекендердің көшелерін пайдалануды басқаруға мынадай жұмыстар жатады:

- 1) жол-жөндеу жұмыстарының стратегиясын негіздеу және қажетті қаржы ресурстарын жоспарлау;
- 2) елді мекендердің көшелерін сақтауды қамтамасыз ету және оларды алдын ала тозудан сақтау;
- 3) технологияны жетілдіру және елді мекендердің көшелерін жөндеу мен күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 4) елді мекендердің көшелерін пайдалануды басқару жөніндегі жұмыстарды орындауды ұйымдастыру, үйлестіру, реттеу және бақылау;

5) елді мекендердің көшелерін ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу бойынша жұмыстардың шегінде көшелер участекелерін техникалық сүйемелдеу және мониторингілеу.

7. Елді мекендердің көшелерін диагностикалау мен мониторинг жүргізу іс-шараларының құрамына мына жұмыс түрлері кіреді:

- 1) елді мекендердің көшелерін оларды күтіп ұстау сапасын бағалай отырып жүйелі түрде (көктемгі, құзғі және айлық) тексеру;
- 2) елді мекендер көшелерінің көліктік-пайдалану жай-күйін бағалау арқылы көзбен шолу және аспаптық тексеру;
- 3) елді мекендердің көшелеріндегі көлік қозғалысының қарқындылығы мен құрамын есепке алу;
- 4) объектілерді техникалық сараптау, оның ішінде жедел шешімдер қабылдауды

талап ететін төтенше жағдайларда және өзге жағдайларда материалдар мен жұмыстардың сапасын бағалау.

## **2. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау**

8. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүзеге асырылады.

Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау жұмыстарын уақтылы жүргізу мақсатында оларды көзбен көріп тексеру патрульдеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде жыл бойы көлік құралдарының үздіксіз, қауіпсіз және жайлы қозғалысы қамтамасыз етілуі қажет.

10. Күтіп ұстау жұмыстары жобалық құжаттамасыз жүзеге асырылады. Оларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген нормативтік қаржыландыруға сәйкес, күтіп ұстауға бөлінген қаражат шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша көшелерді тексеру нәтижесінің негізінде жоспарлайды.

11. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау жұмыстары көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау, қысқы күтіп ұстау, жолдарды көгалдандыру және өзге жұмыстарға бөлінеді.

12. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау жұмыстарының құрамына операторлардың ұсынуымен ақпаратты жинау, өндеу және жыл бойына құн сайын ұсыну кіреді, соның ішінде:

1) бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда елді мекендер көшелердің өтпелілігі туралы;

2) болған жол-көліктік оқиғалар (бұдан әрі - ЖКО) туралы;

3) еріген және тасқын суларды жіберу кезіндегі жұмыстар туралы;

4) қысқы уақытта қар тазалайтын машиналар мен механизмдердің жұмысы туралы;

5) ақпараттарды жинау және өндеу, елді мекендер көшелерінің көлік-пайдалану жай-күйі туралы деректердің бірынғай ақпараттық банкіне әкімдік ету және басқару.

13. Елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау кезінде жыл бойы мынадай жұмыстарды орындауды:

1) елді мекендердің көшелері жай-күйіне патрульдік қадағалау;

2) жер жамылғысы мен су өткізу жүйесі бойынша:

қоқыстарды кәдеге жаратуға тией, шығара және бере отырып су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау;

жиектердегі, иірімді участеклердегі кептіргіш науаларды қазу және себу;

жиектерді жоспарлау, шөптермен себу;

шабу және шабылған шөптерді жинау;

шабылған материалдарды кәдеге жаратуға тией, шығара және бере отырып жер

жамылғысының жиектері мен шеттеріндегі бұталарды қазып алу, ағаштарды, жабайы өсетін бұталарды тамырымен жұлу;

материалдар қоспастан жиектер мен себу бермдерін жоспарлау;

жеке участкердегі көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін себу арқылы жиектерді және бермдерді себу, кесу және жоспарлау;

іірім участкерді жою;

жиектерді себу және бекіту;

жеке элементтерін ауыстырумен және жаңа материалдарды пайдалану арқылы жер төсемі, су қайтарғыш, резервтер, бермдер, қорғаныс, бекіту және реттегіш құрылыштарының жеке бұзылударын түзету;

көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін материалдарды қосу немесе қоспау арқылы жиектерді және бермдерді кесу және жоспарлау;

3) бөлінген белдеулер бойынша:

су ағынын қамтамасыз ету үшін бөлу жолағын жоспарлау;

бөлу жолағындағы қоқысты жинау, шығару және кәдеге жаратуға беру;

шабылған материалдарды тией, шығара және кәдеге жаратуға бере отырып жол қозғалысының қауіпсіздігіне ықпал ететін ағаштарды, бұталарды, жабайы өсетін бұталарды шабу және тамырымен жұлу;

бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөптерді, қамыстарды және қуайларды жинау, тиеу, шығару және кәдеге жаратуға беру;

4) курделі жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:

жұру бөлігін тазалау және жуу;

ылғалдың, ауаның, күн радиациясының кіруінен асфальтты-бетонды жабынды тиімді оқшаулау үшін жаңартатын сұйықтықты пайдалану, атмосфералық ықпалдың әсерінен бұзылған битумды қалпына келтіру, жамылғының суға төзімділігін сақтау және қалпына келтіру;

жарықшақтарды бітеу;

шұңқырларды жою, шарықшақтарды, шұңқырларды, отырыңқы жерлерді бітеу, жиектерді тегістеу;

жергілікті участкердің төсемдеріндегі іірімдерді жою;

төсемдегі шорлар мен қауіпті тегіссіздікті кесу, тозу қабатын кейіннен кедір-бұдыр негізді өндеу арқылы ойыстарды бітеу;

жұру бөлігін белгілеу;

цемент–бетон жамылғыларында жарықшақтарды жөндеу және толтыру;

апатты-қауіпті участкерді маршруттық тәсілмен жөндеу (іірімдерді жою, негіз және жабындарды жөндеу, шұңқырды жөндеу, жарықтарды бітеу, тегістейтін қабаттарды қондыру, жол жиектерін бекіту, жабындарды ұстіртін өндеу);

елді мекендердің көшелеріне маршруттық тәсілмен жөндеу жүргізу кезінде жолдарды күтіп ұстай, сондай-ақ бағдар бойынша анықталған қозғалыс үшін қауіпті

ақаулықтарды жою жұмыстары, жергілікті участеклерде жол төсемінің тегістілігін қалпына келтіруді қамтитын жөндеу жұмыстары кешені, оның ішінде ресайклинг әдісімен жүргізіледі. Жөндеудің маршруттық тәсілі кезінде жөндеу жұмыстары аралас бағдардың барлық ұзындығында, жергілікті участеклердегі жол төсемінің маңызды ақаулықтары мен бұзылуары шоғырланған жерлерде орындалады.

Жұмыстар әрі ақаулықтар тізбесі негізінде қолданыстағы ережелерге сәйкес ресімделген тиісті ақаулықтары мен атқару сметаларын жою үшін қабылданған жұмыстар технологиясы бойынша елді мекендердің көшелерін күтіп ұстауды жүргізетін жол ұйымдастыру күштерімен орындалады;

5) жетілдірілген жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:  
тұтқыр материалдары көп участеклерді күтіп ұстау;  
жарықшақтарды құю;

шұңқырларды жою, шарықшақтарды, шұңқырларды, отырыңқы жерлерді бітеу, көше участексерін тегістеу;

жұру бөлігін белгілеу;  
апатты-қауіпті участеклерді маршруттық тәсілмен жөндеу (иірімдерді жою, негіз және жабындарды жөндеу, шұңқырды жөндеу, жарықтарды бітеу, тегістейтін қабаттарды қондыру, жол жиектерін бекіту, жабындарды ұстіртін өндеу);

елді мекендердің көшелеріне маршруттық тәсілмен жөндеу жүргізу кезінде жолдарды күтіп ұстау, сондай-ақ бағдар бойынша анықталған қозғалыс үшін қауіпті ақаулықтарды жою жұмыстары, жергілікті участеклерде жол төсемінің тегістілігін қалпына келтіруді қамтитын жөндеу жұмыстары кешені, оның ішінде ресайклинг әдісімен жүргізіледі. Жөндеудің маршруттық тәсілі кезінде жөндеу жұмыстары аралас бағдардың барлық ұзындығында, жергілікті участеклердегі жол төсемінің маңызды ақаулықтары мен бұзылуары шоғырланған жерлерде орындалады.

Жұмыстар жұмыстар технологиясы бойынша ақаулықтарды жою үшін қабылданған және ақаулықтар тізбесі негізінде қолданыстағы ережелерге сәйкес ресімделген атқару сметалары бойынша елді мекендердің көшелерін күтіп ұстауды жүргізетін жол ұйымдастыру күштерімен орындалады;

6) өтпелі жамылғысы бар жұру бөлігі бойынша:  
төсемді балшықтан тазалау;  
төсемді сумен шаңсыздандыру;  
материалдар қосу арқылы төсемді кескіндеу және нығыздау;  
төсемдерге тас үгінділері мен иленділерді үю, катундарды жинау;  
шагылтасты және қиыршықтасты төсемдердің қапталдарын қалпына келтіру;  
7) топырақты және топыракты жақсартылған төсемі бар жұру бөлігі бойынша:  
материалдарды қосу арқылы пайда болған шұңқырлар, сораптар, басқа тегіссіздіктерді жою үшін төсемді кескіндеу;  
елді мекендердің көшелерін хлорлы кальциймен, битуммен шаңсыздандыру;

елді мекендер көшелерінің іскен участекелерін күтіп ұстау, уақытша қоршау, ауа науаларын орналастыру және себу, жол төсемі мен жол жамылғысының үстінен су өтуін қамтамасыз ету;

8) жолдардың жағдайы және жайластыру, қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру объектілері бойынша:

шу жолақтары, шудан қорғау экрандарын салу және жөндеу;

жетіспейтін белгілерді, қоршауларды орнату, бұзылуарды қалпына түзету, жол белгілері мен қоршаулардың қалқандарын толық ауыстыру, панноларды, жол жиектерінің тастарын орнату және жөндеу, жолды жайғастыру элементтерін қалпына келтіру;

сәулеттік безендірулер мен абаттандыру элементтерінің жекелеген бұзылуарын және ақаулықтарын жөндеу;

күркелер, жол белгілері, қоршаулар және автомобиль жолдарының басқа жайғастыру элементтерін сырлау және ақтау, тік және көлденең белгілерді түсіру;

күркелер, орындықтарды орнату және жөндеу;

қоршауларды, сигнал беру бағандарын, белгілерді, қалқандарды ұнемі тексеру, бекіткіштерін тарту, қалқандарды түзету, шаң мен балшықтан тазалау, жуу;

автобус аялдамаларын, дәретханаларды, күркелерді, кезеңді тексеру, шаңнан, балшықтан және қоқыстан тазалау, жуу;

қозғалысты ұйымдастыру, байланыс және жарықтандыру құралдарын күтіп ұстау, күту және жарамдылығын қадағалау;

жүргі бөлігін және жиектерді бөтен, жол қозғалысының қуіпсіздігіне қауіп төндіретін заттардан тазалау;

жолдарды, көпірлерді, жол өткізгіштерді, ұнгі жолдарды, көлік айрықтарын, паромдық өткелдерді және басқа жол құрылыштарын электрмен жабдықтау желілерін тазалықта және ретке келтіріп ұстау, істен шықкан шамдарды, шамшырақтарды, сымдарды, кабельдерді, трансформаторларды, жарық тіреулерін және басқа электрмен жабдықтау элементтерін ауыстыру және жаңаларын монтаждау, радио байланысын, ақы алу жүйесін, зияткерлік көлік жүйесін (бұдан әрі - ЗКЖ), басқа технологиялық және сигнал беру байланысының басқа құралдарын, кабель желілерін, сондай-ақ, бағдаршам объектілерін, қозғалысты ұйымдастыру құралдарын, олардың қызмет етуі үшін байланыс каналдарын жалға алушы қоса алғанда, қозғалысты диспетчерлік және автоматтандырып басқару құралдарын тазалықта және ретке келтіріп ұстау;

қозғалысты ұйымдастыру, байланыс және жарықтандыру объектілерінің құралдарын жеке бұзылуардан және ақаулықтардан жөндеу, паспорттағы деректердің талаптарына сәйкес ақы алу және ЗКЖ, соның ішінде жол бойындағы құрал-жабдықтар, дербес жұмыс станциялары, Орталық басқару пунктінің (бұдан әрі - ОБП) ұйымдастыру техникасы, байланыс құралдары, ОБП серверлік, жүйелік және бейне құрал-жабдықтарының тораптары мен бөлшектерін жоспарлы жөндеу және ауыстыру;

жол желілік телеграфтық немесе радио байланыс және басқа технологиялық және сигнал-шақыру байланысын қалпына келтіру;

өлшеу құралдарын, жабдықтарды қондыру, жөндеу және күтіп ұстau, автокөлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторинг үшін бағдарламалық қамтамасыз ету;

жалпы пайдаланымдағы көшелерді күтіп ұстau және жөндеуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын бақылауға арналған навигациялық жүйелерді күтіп ұстau, қондыру және пайдалану;

жүргіншілер бөлігіне "мысық көз" жол маркерін қондыру (қажет болған жағдайда);

тиісті сертификаттарды, таразы бақылау аркаларының өлшеу құралдарын алумен жыл сайынғы тексеруді жүргізу;

бақылау посттарын, аркалар мен басқа металл құрылымдары немесе/және темір-бетон бұйымдарын, ақпараттық жол белгілерін қондыру және қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, сонымен бірге жұмыс көлемдері сметалық құжаттамамен белгіленеді;

қолданыстағы елді мекендер көшелерінің қоршауларын, аялдама павильондарын, сервис павильондарын, кіші архитектуралық пішіндер, тікүшақтарға арналған ұшу-қону аландары, демалыс аландарын және жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарын ескере отырып, жүргізушілер мен жолаушылардың пайдалануы үшін жайлыштықты қамтамасыз ету мақсатында ауыспалы-жылдамдық жолақтарын салу және қажет болған жағдайда оларды жарықтандыру және электрмен жабдықтау, сонымен бірге жұмыс көлемдері техникалық құжаттамамен белгіленеді;

9) жасанды құрылыштар бойынша:

жүру бөлігінің жиектас қоршауларына белгі қою;

тапсырыс берушінің нұсқамасы бойынша жол қауіпсіздігін негізге ала отырып, сүйеулер мен тоқауыл қоршауларының бұзылуларын түзету және қондыру;

көпірлердің металлды элементтерінің сүйеу қоршауларының бояу қабатын (бояма) жергілікті қалпына келтіру;

жүру бөлігінің жиектас қоршауларына белгі қою;

автожолдардың үстіндегі жол өткізгіштерінің мандай алды арқалықтарының астына тік белгілер қою;

автожолдардың үстіндегі жол өткізгіштерінің тіректеріне тік белгілер қою;

жинау техникасы өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы жүру бөлігін балшықтан, қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау;

қар тазалайтын техника өткеннен кейін жаяу жүргіншілер жолдарының бойындағы жүру бөлігін қар мен мұздан тазалау;

су қайтаратын тұтіктерді балшықтан, тастардан және қардан тазалау;

сорғылардан болған деформациялық жіктерінің су қайтаратын науаларын тазалау;

қабаттарды ашық типті деформациялық жіктерге алмастыруға арналған ойықтарды

балшықтан тазалау;

ашық типті деформациялық жіктердің күрделі құрылыштарының механизмдерін тазалау және майлау;

суды жіберуге арналған жаяу жүргіншілер жолдары шығырларындағы терезелерді тазарту;

көпірдің жаяу жүргіншілер жолы мен жүру бөлігінің арасындағы тосқауыл қоршауларының қисық сзызықты білеуінің астындағы кеңістікті балшықтан, қардан және мұздан тазалау;

сүйеніш, тосқауыл қоршауларын, жол белгілерін кір мен қардан тазалау;

арқалықтардың үстін кірден, жағылған топырақтан, өсімдіктерден тазалау;

арқалықтардың тірек тораптарын жуу;

тірек бөліктерін қардан, кірден тазалау;

тірек бөліктерінің жұмыс істейтін үстінеге графитті құрылыштарды жағу;

темір тірек бөліктері бекіткіштерінің бұрандамаларын тарту;

тіректердің бастарын және фермалық аландарды қоқыс пен кірден, қар мен мұздан тазалау;

конустар мен еңіс бекіністерін кірден, шөптен және талдардан тазалау;

тіректердегі мұзды уату және мұзды кесу;

сеп жүру және тасқын суларды өткізуі үйымдастыру;

байқау құралдарын (баспалдақтар, арбашалар) тазалау;

көпір құрылыштарын ағымдағы және кезеңді тексеру;

коқыстарды және кесілген ағаштарды тией, шығара және кәдеге жаратуға бере отырып көпір аймақтарынан арақашықтығы 15-25 метрдегі, ағыны бойынша жоғары және төмен бұталы өсімдіктерді жою және ағаштарды шабу, көпір астындағы аймақтарды санитарлық тазалау;

темір-бетон құбырларының аралықтарын лай мен балшықтан тазалау;

шағын көпірлер мен құбырлардың аралықтарын күзде жабу және көктемде ашу;

сел жүруді, тасқын суларды жіберу, жолдар мен құрылыштарды тасқыннан, мұз басудан, орман және дала өрттерінен қорғау бойынша сақтандыру жұмыстары;

құрылыштардың жеке элементтерін (тірек бөліктері, сүйеніштер, тосқауыл қоршаулары, төсеніштер, діңгектер, тіреуіштер, дуал қабырғалары, құрғату құрылғылары) қондыру, ауыстыру және жөндеу;

көпірлердің темір элементтерін жергілікті сырлау;

көпірлердің, жол өткізгіштердің жүру бөлігіндегі төсемді шұңқырлы жөндеу, төсемдегі жарықшақтарды бітеу;

деформациялық жіктерді ұсақ жөндеу;

деформациялық жіктерді ескі шайырдан алдын ала тазалау арқылы шайыр құю;

деформациялық жіктердің аймағындағы немесе жіктердің алдындағы төсемді алмастыру;

аяқ жолдардың асфальт-бетон төсемдеріндегі жарықшақтар мен еңістерді бітеу; аяқ жолдардың цемент-бетон төсемдеріндегі жарықшақтар мен еңістерді бітеу; үйінділердің шайылған жергілікті жерлерін және реттеу құрылыштарын жою; үйіндісі бар көпірлердің жанасқан жерлеріндегі шайылуларды себу, осы жерлердегі суды бір уақытта жою;

тіректердегі шайылу шұңқырларын бітеу;

10) қосымша қыскы күтіп ұстай жұмыстарына жататындары:

көк тайғаққа қарсы материалдарды әзірлеу, дайындау;

қардан қорғану қуралдарын (қалқандар, кішкене қоршаулар, шарбактар) әзірлеу;

қардан қорғану шарбактарын, қалқандарды, панельдерін және басқа да қардан қорғану құрылғыларын орнату, бөлшектеу және жөндеу;

елді мекендердің көшелерін патрулдік қардан тазалау, елді мекендердің көшелерінің қарлы борасындардан аршу, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, жиектерден, еңістерден және резервтерден қарлы дуалдардан жою;

жол белгілері мен тосқауыл қоршауларын қарлы борасындардан тазалау;

жүру бөлігін фрикционлық, химиялық және басқа да көк тайғаққа қарсы материалдармен өндөу және оларды кейіннен тазалау;

автобус аялдамаларын, павильондарды, демалыс алаңдарын және жол қызметі объектілерін қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау;

қар тоқтату үшін автомобиль жолдарының бойынан қар борасындары мен орларын құру;

тайғақ жамылғысы бар участкерде қыска уақыт әрекет ететін жол белгілерін орнату;

ауыр ауа-райы жағдайларында жол-жөндеу қызметі жұмысшыларының қатарынан және жол техникасын тәулік бойы күзетуді ұйымдастыру;

### **3. Елді мекендердің көшелерін ағымдағы жөндеу**

14. Елді мекендердің көшелерін ағымдағы жөндеу - маршруттық тәсілмен орындалатын, бұзылған участкерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, бүкіл жыл бойы жүргізілетін елді мекендердің көшелерінде авариялық жағдайлардың, ақаулардың туындауының алдын алу, сондай-ақ елді мекендер жолдарын шұғыл қалпына келтіру және жөндеу тәртібімен орындалатын жұмыстар кешенін қарастырады.

Маршруттық тәсіл қаржыландыру нормативтеріне сәйкес елді мекендердің көшелерін ағымдағы жөндеуге бөлінген қаржы шегінде ақаулықтар тізбесі бойынша жолдарды тексеру нәтижелері негізінде жоспарланады. Жұмыстарды маршруттық тәсілмен орындау кезінде жұмыстарды сметалық есептер негізінде орындауға жол беріледі. Олардың өсуіне және аса маңызды бұзылуларға айналуының алдын алу

мақсатында ағымдағы жөндеу шенберінде ақаулықтар мен бұзылуарды жою жұмыстарын толығымен орындауда жол берілмейді.

15. Елді мекендердің көшелерін ағымдағы жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және субұрма бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участекелерін көтеру және кеңейту, кішкене иірім участекелерді жою;

қолданыстағы субұрма жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесу және шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен құыстар жиектерінің бұзылуарын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, субұрма құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

тұрақты шымды жабынды құру бойынша қажетті агротехникалық іс-шараларды жүргізу арқылы жер төсемі мен резервтердің жиектерін шөппен себу, опырылған, мужілген жерлерді, сең шығарындыларын тазалау;

жиектерді себу, шабу, жоспарлау және бекіту;

2) жол жамылғылары бойынша, соның ішінде монолитті цемент-бетон төсемдері бойынша:

сегменттердің тозған бетін қалпына келтіру, цемент-бетон төсемдері тақталарының сынықтары мен омыруларын жөндеу, қалпына келтіруге жатпайтын бұзылған тақталарды алмастыру, цемент-бетон төсемдерін беттік бұзылуардан қорғау;

соның ішінде жиналмалы темір-бетон төсемдері бойынша:

темір-бетон төсемдеріндегі жіктерді жөндеу және толтыру;

жеке тақталарды көтеру және тегістеу, тақталардың сынықтарын жөндеу, қалпына келтіруге жатпайтын бұзылған тақталарды алмастыру, төсемдерді беттік бұзылуардан қорғау;

3) жасанды құрылыштар бойынша:

аяқ жолдардың ақаулық жіктерді алмастыру;

үйінділері бар жанасқан шеткі аяқ жолдардың тақталарын алмастыру;

болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін жекелеп алмастыру;

ақаулық жіктердің астындағы субұрма науаларды қалпына келтіру;

субұрма түтіктерді жөндеу (түтіктерді өсіру немесе қосымша түтіктерді салу);

жаяу жүргіншілер жолына гидроокшаулаудың жанасқан жерлеріндегі төсемнің жіктерін салу және оларды шайырмен құю;

субұрма түтіктердегі оқшауландуды жөндеу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жеке сынықтар мен жарықшактарды жою;

аяқ жолдардың тақталарының синған жерлерін жою;

оқшау жерлерді салу немесе аяқ жолдарға асфальт-бетон төсеу;

жана анкерлері бар сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру;

көпірлерде жеңіл жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, жер жамылғысымен жанасқан қалауын түзету және т.б.);

көпірдің жұру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру;

гидрооқшаулауды жөндеу;

жаяу жүргіншілер жолдарын, сүйеніштерді, жиектастанды жөндеу және алмастыру;

жарықшақтарды беттік герметизациялау, қуыстарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темір-бетон элементтерінің қорғау қабатын қалпына келтіру;

жиектер мен реттеу құрылыштарының шұнқырларын жою;

аса төзімді бұрандамалардағы тойтартмаларды алмастыру;

қаптау жіктерін сөгу, жарықшақтарға ерітінділерді егу;

құрылғылардағы жарықшақтарды бітеу, қаландыларды, сылактарды жөндеу, тойтартмаларды жекелеп алмастыру;

өтпелі тақталардың жанасу тораптарын герметизациялау;

деформациялық жіктердің ағуын бұрандамаларды тарту арқылы жою;

сырғанау тақталарының деформациялық жіктерін дәнекерлеу (олар жұлдынып қалған жағдайда), жетіспейтін серіппелерді орнату;

деформациялық жіктердің механизмдері мен құрылғыларын ұсақ жөндеу;

құбырлардың гидро оқшаулануын жөндеу және олардың буындары мен бөліктегі арасындағы жіктерді бітеу;

жеке тойтартмаларды алмастыру, темір аралық құрылыштар элементтерінің ұсақ ақаулықтарын түзету;

4) қозғалыс, байланыс, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілеріне елді мекендердің көшелерін салу және жайластыру бойынша:

елді мекендердің көшелерін участекелеріндегі қолданыстағы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарын, сондай-ақ жол үстіндегі жол өтпелерін жөндеу және жаңаларын салу;

шығу және кіру жолдарын;

сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру (бағдаршамдар, электронды және жол белгілері, ақпараттық таблолар), байланыс және жарықтандыру объектілерін жөндеу.

16. Қауіпті ақаулықтарды және елеулі өзгерістерді және жергілікті участекелердегі жол төсемінің бұзылуларын жою кезінде негіздің қабаты үшін алынған материалды кейіннен пайдалану және төсемнің жаңа қабатын салу арқылы қауіпті ақаулықтар мен бұзылуларды жою мақсатында төсемнің ені бойынша жергілікті жерлерді қайлау.

#### **4. Елді мекендердің көшелерін орташа жөндеу**

17. Елді мекендердің көшелерін орташа жөндеу алғашқы пайдалану сапасын қалпына келтірумен байланысты жұмыстарды кезеңді орындауды көздейді.

18. Орташа жөндеу кезінде жол жамылғысының тозған қабатын және тегістілігін кезеңді қалпына келтіру, сондай-ақ жер төсемінің, су бүрғыштардың, жасанды, қорғау, бекіту, реттеу және басқа жол құрылыштарының бұзылуларын түзету жүргізіледі.

Орташа жөндеу бойынша жұмыстар көлемдерін ведомстволық сараптаманы өту арқылы ақаулықтар тізбесінің негізінде жасалған сметалық есептер анықтайды.

19. Елді мекендердің көшелерін орташа жөндеу кезінде мына жұмыстар орындалады:

1) жер төсемі және субұрма бойынша:

дымқыл және қар борайтын жерлердің жер төсемінің ұзақтығы бойынша участеклерін көтеру және кеңейту, кішкене иірім участеклерді жою;

қолданыстағы субұрма жыраларды тазалау, қоқыс тастайтын жерге қоқыстарды тиесінен шығару, жаңа жыраларды қазу, үйінділер мен қуыстар жиектерінің бұзылуларын түзету және құламаларын азайту, құрғату, қорғау және бекіту құрылғыларын, субұрма құрылғыларды және көпірлер мен құбырлардың бұру арналарын түзету;

жиектерді себу, шабу, жоспарлау және бекіту;

2) жол жамылғылары бойынша:

жетілдірілген қоспаларды қолданумен үстіңгі қабатты өндеу;

жетілдірілген төсемнің тозған жоғарғы қабатын қалпына келтіру және қолданыстағы жол жамылғысын бөлшектеу және қажетті жағдайда қабатты тегістейтін және үстіңгі қабатқа немесе жөндөлетін участекенің барлық ұзындығына тозу қабатына өндеу жүргізу арқылы жеке және иірімді участеклерде жол жамылғысын салу;

асфальт-бетон қоспасының қажетті мөлшерін қосу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қалпына келтіру;

жаңа материалдардың қажетті мөлшерін қосу арқылы және жол жабындарының негізін салу үшін алынған материалдарды, оның үстіне асфальтты-бетон қабатын немесе тозу қабатын төсеу арқылы шорлары, сораптары, жоталары және басқа да өзгерістері мен ақаулары бар жетілдірілген төсемді қайлау және қалпына келтіру;

жаңа материалдарды және жұмыс өндірісінің технологияларын қолдану арқылы сыйналған участеклерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

монолитті цемент-бетонды төсем бойынша:

цемент-бетон төсемдерін қалпына келтіруге жатпайтын тозған тақталарын алмастыру, цемент-бетон төсемдеріндегі бойлық және көлденең жыртылған жерлерді ою;

жиналмалы темір-бетон төсемдері бойынша:  
тозған тақталарды алмастыру, темір-бетон төсемдерінің жеке тақталарын көтеру  
немесе тегістеу;

қорғау қабатын салу, үлкен ұзақтықтағы темір-бетон тақталарының және  
цемент-бетон төсемдерінің жапсарларын жөндеу, жеке учаскелерде асфальт-бетон  
қабатын салу;

топырақты төсемдері бойынша:

шағылтасты және қиыршықтасты төсемдердің қапталдарын, сондай-ақ материалдар  
қолдану арқылы топырақты жолдарды қалпына келтіру;

қиыршықтасты және топырақты жолдардың жүру бөлігін тұтқыр және  
шаңсыздандыратын материалдар мен жақсарту;

жөндөлетін учаскелердің жүру бөлігін белгілеу;

3) жасанды құрылыштар бойынша:

ақаулық жіктердің астындағы субұрма науаларды қалпына келтіру;  
субұрма тұтіктерді жөндеу (тұтіктерді өсіру немесе қосымша тұтіктерді салу);  
жаяу жүргіншілер жолына гидрооқшаулаудың жанасқан жерлеріндегі төсемнің  
жіктерін салу және оларды шайырмен құю;

субұрма тұтіктердегі оқшауланды жөндеу;

10 сантиметрден асатын отыру кезінде үйінділері бар көпірмен жанасқан  
тораптарды жөндеу (шағылтасты себу арқылы қосымша төсемнің есебінен тегістеу);  
үйінділері бар жанасқан шеткі аяқ жолдардың тақталарын алмастыру;

жол жамылғысын қалпына келтіру арқылы ауыспалы тақталардың жеке ығысуын  
жою;

тақталарды ашу арқылы оларды жуу кезінде ауыспалы тақталардың астына топырақ  
себу;

болаттан жасалған элементтері бар ақаулық жіктердің бөлшектерін жекелеп  
алмастыру;

жұмыстар жол жамылғысы деңгейінде орындалған кезде шайырлы және резенке  
толтыратындары бар жабық типті ақаулық жіктерді алмастыру;

аяқ жолдардың ақаулық жіктерді алмастыру;

аяқ жолдардың төсемдерін тегістеу, жаңа төсемді салу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жалпақ саңылаулардың шұңқырларын бітеу, аяқ  
жолдардың алдын қорғау төсемімен өндеу;

аяқ жолдардың блоктарындағы жеке сыйықтар мен жарықшактарды жою;

аяқ жолдардың блоктарындағы жапсарларды басу және оқшаулау;

аяқ жолдарды қалпына келтіру, жеке бұзылған блоктарды күшету немесе  
алмастыру;

аяқ жолдардың тақталарының сывған жерлерін жою;

оқшау жерлерді салу немесе аяқ жолдарға асфальт-бетон төсеу;

жеке секцияларды жөндеу, сүйеніштердің жеке тіректерінің анкерлерін күшету; барлық ұзындығында немесе көпір құрылышы ұзындығының бөлігінде сүйеніштерді алмастыру;

барлық ұзындығында сүйеніштерді сырлау; жана анкерлері бар сүйеніштердің тіректеріндегі бекіткіштердің тораптарын алмастыру;

бетон құрылымының барлық ұстіңгі бетін (тақталар, қабырғалар, аралықтар және басқа элементтер) гидрофобизациялау немесе сырлау;

диафрагманың жапсарларын жөндеу; көпірлер мен жол өткізгіштерді жартылай қайта жасау немесе жөндеу, сондай-ақ техникалық құжаттамамен бекітілген жөнделетін жол үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес келетін нормаларға габариттері мен есептік салмақтарын жеткізу арқылы су өткізгіш құбырларды толық немесе жартылай қайта құру;

көпірлерде жеңіл жөндеу жұмыстарын орындау (төсемелерін, арқалық торларын, жеке тораптарын және элементтерін ауыстыру, жер жамылғысымен жанасқан қалауын түзету);

алдын ала-кернеулі темір-бетон және темір аралық құрылыштардың құрылыш көтермесін бақылау;

көпірдің жүру бөлігіндегі төсемді қалпына келтіру немесе алмастыру; жаяу жүргіншілер жолдарының блоктарындағы жіктерді басу, жаяу жүргіншілер жолдарында төсемдер салу;

коршауларды жөндеу немесе қайта жаңарту; материалдар мен құрылымдарды алмастыру арқылы ақаулық жіктерді жөндеу; гидрооқшаулауды жөндеу; жаяу жүргіншілер жолдарын, сүйеніштерді, жиектастарды жөндеу және алмастыру; көпірдің жүру бөлігіндегі судың бұрылуын жақсарту, субұрма тұтіктер мен терезелерді алмастыру;

темір-бетон құрылымдарының алдыңғы бетін гидрооқшаулауды, басты арқалықтардың бетін сырлау;

жарықшақтарды беттік герметизациялау, қуыстарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темір-бетон элементтерінің қорғау қабатын қалпына келтіру;

темір аралық құрылыштарды тегіс сырлау; арқалықтардың бір-бірімен байланысуын қалпына келтіру; құрғатқыш пен су бұрғышты, өтпелі тақталарды алмастыру арқылы көпірдің үйіндімен жанасқан жерін жөндеу;

жер төсемі және реттеу құрылыштары жиектерінің бекіткіштерін жөндеу; жиектер мен реттеу құрылыштының шұңқырларын жою; темір аралық құрылыштардың жеке элементтерін қүшету, алмаспайтын фермалары бар көпірлерде торлардың элементтерін түзету;

аса төзімді бұрандамалардағы тойтартмаларды алмастыру;

тірек бөліктерінің жобалық қалпын жөндеу және қалпына келтіру;

тіреу аландарындағы ағындыларды жөндеу және қалпына келтіру;

қаптау жіктерін сөгу, жарықшактарға ерітінділерді егу;

аралық құрылыштар мен тіректердің көру құрылғыларын жөндеу және қалпына келтіру;

темір-бетон аралық құрылыштардың шығып түрған жерлеріндегі тірек бөліктерін күшайту;

құбырлардың жеке буындары мен бастарын алмастыру немесе жөндеу, оқшаулануы мен жапсарларын түзету;

сүйеу қабырғаларын, бекіту және реттеу құрылыштарын жөндеу, галереялар мен бастырмаларды, сондай-ақ, олардың жеке элементтерін алмастыру;

4) қозғалысты ұйымдастыру, байланыс, жарықтандыру объектілеріне елді мекендердің көшелерін салу мен жайластыру бойынша:

елді мекендер арқылы өтетін жол участеклеріндегі қолданыстағы тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдарын жөндеу және жаңасын салу;

жана жеке қоршауларды салу, жөнделетін участеклерде жаңа жол белгілерін және сілтеме құрылыштарын орнату және ауыстыру (қалпына келтіру), жеке айрықтарды, демалыс аландарын, автокөлік тұрақтарын, көрнекті орындарды сәулеттік безендіру және абаттандыруды қоса алғанда, қоршауларды жөндеу;

шығу және кіру жолдарын, жазғы және трактор жолдарын жөндеу;

сигнализацияны, жол қозғалысын ұйымдастыру (бағдаршамдар, электронды және жол белгілері, ақпараттық таблолар), байланыс және жарықтандыру объектілерін жөндеу және салу;

жол ақпараттық жүйелерін және кешендерін, жеке жобалау белгілері мен таблоларын, жол қозғалысын диспетчерлік және автоматтық басқару элементтері мен жүйелерін; ауыспалы ақпараты бар автономды және дистанциялық басқару белгілері мен таблоларын, бағдаршам объектілерін қалпына келтіру;

5) жолдың пайдалану жай-күйін және көлік қуралдары қозғалысының қауіпсіздігін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін жұмыстардың басқа түрлері.

## 5. Елді мекендердің көшелерін құрделі жөндеу

20. Елді мекендердің көшелерін құрделі жөндеу жолдың және жол және ондағы құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін арттыруға байланысты, атап айтқанда, қолданыстағы жолдың техникалық санатын өзгертусіз жол жамылғысы мен жол құрылыштының мықтылығының ұлғаюымен кезеңдік жұмыстардың орындауын көздейді.

21. Құрделі жөндеуге жататын елді мекендер көшелерінің участеклері қызметтің

жөндеу аралық мерзімінің негізінде және көшелер диагностикасының нәтижесінде белгіленеді.

22. Елді мекендердің көшелерін күрделі жөндеу заннамамен көзделген тәртіpte мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес күрделі жөндеуге жолданылатын автомобиль жолдары құрамына жататын барлық объектілер кешенінде орындалады.

23. Күрделі жөндеу кезінде жекелеген жолдарды қалай жоспарда болса, солай қапталды бойында жөнделіп жатқан Елді мекендер көшелерінің участесі жалпы ұзындығының ұзақтығы жиырма бес пайызға дейін жалпы жолдарды түзетуге рұқсат беріледі.

24. Жол-пайдалану қызметінің көпірлері мен жол өтпелерін, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыштар кешенін қызметтің жөндеу аралық мерзімінің және олардың диагностикалау нәтижелері негізінде күрделі жөндеуге бағытталуына болады.

Күрделі жөндеу кезінде мынадай жұмыстар орындалады:

жер төсемі және субұрма бойынша;

жер төсемін жөнделетін жол (кеңейту, көтеру, топырақты ауыстыру, көрінуді қамтамасыз ету, дөңгелету радиусын ұлғайту, бойлық еністерін жұмсарту, тік індерін және жалтарыстарын құру) үшін белгіленген техникалық санатқа сәйкес нормаларға дейінгі оның геометриялық параметрлеріне жеткізумен түзету, жекелеген елді мекендер көшелерінің участекелерін жіктеу;

жер төсемінің нығаюын қамтамасыз ететін шоқталған, шөккінделген және опырылған участекелерді жою, кәріздерді, оңашаланған қабатшаларын жабдықтау;

қолданыстағыны қалпына келтіру және қайта құру, сондай-ақ субұрма жабдықтарға қажетті жаңа құрылыштар, жаңалық қорғау және эрозияға қарсы құрылыштар;

су тасқыны, сел, нөсерлік және басқа табиғат апаттарын жою;

жасыл екпелерді қалпына келтіру;

2) жол жамылғысы бойынша:

жол жамылғысын бір жолақты қозғалыстан арттырмай нығайту (қалыннату), кеңейту және регенирациялық және қолданыстағы жол жамылғыларын негізі ретінде қолдану арқылы ең жетілдірілген жол жамылғысы түрлерін жабдықтау, сондай-ақ қайта құрылып жатқан (жіктелетін) елді мекендер көшелерінің участекелерінде және тұрғылықты пункттерін айналма және оларға кіреберісте жаңадан жол жамылғысын құру, көліктік айырығы, инженерлік құрылғыда, тротуарда, өту және велосипед жолында, автобус аялдамасында және аялдау қалташаларында, демалу алаңында және автокөлік тұрағында, сондай-ақ олардың өту-жылдамдық жолағында жол жамылғысын жабдықтау;

3) цемент-бетон жамылғысы бойынша:

ескі цемент-бетон жамылғысының үстіне, оның тұтастығын бұзбастан асфальт-бетон қоспасын нығайту қабатын құру;

ескі цемент-бетон жамылғысын алдын-ала ұсақтаумен және осындай түрде алынған негіз болатын материалды ұқыптылықпен тығыздаумен ескі цемент-бетон жамылғысының үстіне, оның тұтастығын бұзбастаң асфальт-бетон қоспасын нығайту қабатын құру;

нығайту қоспасын цемент-бетоннан, армобетоннан, фибробетоннан, түрлендірілген цемент-бетоннан жабдықтау;

шағылтас пен қырышық тас жамылғысын, сондай-ақ топырақ жолды жаңа материалдарды қосу арқылы түзету, байланыстыратын материалдармен өту бөлігін жақсарту;

жасанды және табиғи материалдардан жасалған тозған бордюрлерді, жетілдірілген жамылғысымен жиектерге бекітілетін жолақтар, соның ішінде негізгі жол жамылғысының түрі бойынша ауыстыру және жаңасын жабдықтау;

жол жамылғыларының, жаңа материалдар мен жұмыс өндірісі технологияларының жаңа құрылымын қолдану арқылы сыналған участкерді салу және оларға мониторинг жүргізу;

#### 4) жасанды құрылыш бойынша:

көпірлерді кеңейту мен нығайту арқылы толығымен немесе жартылай, соның ішінде олардың габариттерін реттеумен және есептік жүктеменің қабілеттігіне салмақ түсетін жаяу жүретін, су өтетін, салу, қайта салу (жаңа аралықты қоспастан габариттерін кеңейту арқылы көпірді жөндеу; габаритін кеңейтумен және ригелді ұлғайту мен нығайтумен, жаңа аралықты қосумен бір жағынан немесе екі жағынан тіреуішті кеңейту);

металл көпірінің басты аралығы мен фермі элементтерін дұрыстау және нығайту;  
металл аралық құрылымын ауыстыру;  
көпірдің өтетін бөлігін ауыстыру;  
су өткізу құбырын салу және қайта салу;  
құбырлардың буыны мен ауызғы бетін ауыстыру және нығайту;  
зақымдалған құбырлар сақинасын ауыстыру;  
жаңа сақина мен ауызғы беті есебінен құбырдың ұзындығын өсіру;  
тіреуіш қабырғаларды, қорғаушы нығайтылатын және реттелетін құрылышты құру және қалпына келтіру;

қайта салынған және жаңадан салынған көпірлерді салу;

5) пайдалану қызметінің ғимараттары, қосалқы құрылыштары мен өндірістік базалары бойынша:

қолданыстағы ғимаратқа қосалқы-көмектесетін және санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды қоса салу, сыртқы қабырғалардың шегінде ғимаратты ішкі жаңадан жоспарлау;

ғимараттың ақаулықтары мен зақымдалуын қырық пайызға дейінгі қабырға мен жамылғы материалдарын ауыстырумен түзету, ағаш фундаменттерді тұрақтыға

ауыстыру;

орталық жылуды, сумен жабдықтауды, газдарды, канализацияны электрмен жарықтандыруды жабдықтау және қолданып жүрген желіге газ құбыры мен байланыс желісін қосу;

есік алдындағы құрылыштарды (уш машинаға дейінгі гараждарды, құдық қоймаларын, қазылған ұра), аулалық дуал мен үй жанындағы абаттандыруды ғимараттың құнынан жиырма бес пайыздан аспайтын бағасымен жабдықтау;

жол-пайдалану қызметінің желідегі жұмыскерлерін орналастыру үшін одан әрі осындай үйлерді пайдалану мақсатында жолды күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыратын орындарда уақытшаның орнына тұрақты түрдегі түрғын үйлерді, уақытша ғимараттар мен құрылыштарды көзделген сметалық соманың шегінде елді мекендердің көшелерін жөндеу бойынша жұмыстар үшін қажетті уақытша ғимараттар мен қосалқы құрылыштар (битумды, тас үгітуші, асфальт-бетонды, цемент-бетонды базалар) салу. Пайдалану қызметінің ғимараттар, қосалқы құрылыштар және өндіріс базалары бойынша осы мақсаттарға арналған жыл сайынғы шығындар ағымдағы жылғы елді мекендердің көшелерді күрделі жөндеуге бөлінген жалпы қаражаттың он пайызынан аспауы керек.

жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін топырақ қорын, жергілікті тас материалдарының кен орындарын және өндірістік кәсіпорындарының шығарындыларын (әкетілетін кул, бокситтік шламдар) игеру, оларға кіру жолдарын, энергиямен қамтамасыз етуді, материалдарды қоймалау үшін аландарды жабдықтау;

6) жолдың қозғалысын, байланысын және жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша жолды жайластыру мен орналастыру;

елді мекендердің көшелерін немесе олардың жекелеген участеклерін архитектуралық ресімдеу және орналастыру;

аялдамалық, тұсу алаңын жабдықтау;

демалу алаңын (күркемен, су көздерін, қарау шұнқырларын немесе жолдағы және басқаша орналастырылған автомобильді профилактикалық байқау үшін эстакадамен), аялдама немесе автомобиль тұрағына арналған алаңды, аялдау қапталдарын оларға өту-жылдамдық жолағын жабдықтаумен (соның ішінде әр түрлі деңгейлерде), сондай-ақ түрғылықты пункттер шегінде өтетін қауіпсіздік аралында, тротуарда, жол участеклеріндегі өту жолдарында жабдықтау;

күрделі жөндеу өтіп жатқан участекерде тосқауыл шарбағын, бағыттайтын құрылғы мен жол белгілерін жаңадан жабдықтау немесе ауыстыру;

елді мекендердің көшелерін бір және әр түрлі деңгейдегі қолданып жүрген қылыштар мен жанаспаларды, сондай-ақ барлық жолдағы немесе оның участеклеріндегі жекелеген өтпеліктерді, шығулар мен вираждарды, линиялық жол қызметі ғимаратына және жолдың қызмет көрсету кешеніне кіреберісті жаңадан жабдықтау және қайта жабдықтау;

қолданып жүрген жазғы трактор жолын, жөндеу кезеңіндегі уақытша айналма жол құрылсының жаңадан жабдықтау және қайта жабдықтау немесе табиғат апатынан қираған елді мекендер көшелерінің участеклерін қалпына келтіру;

желілік (төлеатайптық) жол құрылсының жекелеген елді мекендердің көшелер участеклерінде, көпірлерінде және өткізу паромдарында электрмен жарықтандыру немесе радиобайланыс пен технологиялық байланыстың басқа құралдарын жабдықтау;

жолдар жұмыстарын оның жекелеген элементтерін, құрылымының қозғалысын және оның үстінен өтетін көлік ағынын зерттеу үшін қажетті қар өлшейтін және су өлшейтін посттарының және басқа құрылымының қозғалысын есептеу жөніндегі пункттерді құру және жабдықтау;

өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында жалпы пайдаланымдағы елді мекендердің көшелерінде жолақтарды кеңейтуді қоса өткізу пунктін жабдықтау және орналастыру;

қоршаған ортаны қорғау (қазандықта тозаң тұту құрылғысын орнату, су көздерін ластанудан қорғау) бойынша шараларды жүргізу;

қажетті коммуникациялық жүйелерге қосылу арқылы көлік құралдарының қозғалысын бақылау және мониторингілеу үшін өлшеу құралдарын, жабдықтарды қондыру;

күзетуді қажет ететін стратегиялық маңызды объектілерді күзет жүйесімен және видео бақылаумен жабдықтау.